

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі мен айырым жалауының сипаттамасын және оны қолданудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 маусымдағы N 932. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 723 қаулысымен. ~P030723

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 маусымдағы N 2368 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі мен айырым жалауының сипаттамасы және оны қолданудың тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 6 маусымдағы
N 932 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі мен айырым жалауының сипаттамасы және оны қолданудың тәртібі

1. Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым белгісі (эмблемасы) - ішінде көгілдір реңдегі алтын шаңырақ бейнеленген 8 қырлы алтын жұлдыз. Шаңырақтың үстінде алтын реңдегі жұлдыздың ішінде ақ әріптермен "Кеден" деп және шаңырақтың астында "Customs" деп жазылған (суреті қоса беріліп отыр).

Айырым белгісі (эмблема) Қазақстан Республикасы кеден органдарының иелігіндегі көлік құралдарының барлық түрлерінде қолданылатын және екі жағынан симметриялы орналастырылады.

Айырым белгісі Қазақстан Республикасы кеден органдарының нысандақ киімдеріне ерекшелеу белгісі (эмблемасы) ретінде пайдаланылады. Ерекшелеу белгісі ілгекпен тағылады.

Айырым белгісінің өлшемін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы айқындаиды.

2. Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы - жоғары бөлігі қөгілдір түсті, ал төменгі бөлігі жасыл түсті кездеме. Көгілдір түс Қазақстан Республикасының ұлттық жалауын, жасыл түс мемлекеттік шекаралардың жалпы қабылданған халықаралық белгісін білдіреді. Көгілдір және жасыл түстердің арақатынасы 50:50. Тек ортасында біздің планетаны білдіретін 8 қырлы алтын жүлдзызы бар шеңбер, және онда - алтындалған жінішке жиекті шаңырақ орналасқан. Жүлдзыздың ішінде алтын реңде жоғарғы жақта ақ әріптермен "Кеден" деп және төменгі жағында "Customs" деп жазылған. Жалау енінің оның ұзындығына қатынасы 1:1,5 (сурет қоса беріліп отыр).

Кеден органдарының иелігіндегі өзен, теңіз кемелерінде және кеден органдары мекемелерінде қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК